

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

2013 жылдың 05 ақпаны

Қазақстан қор биржасының 2012 жылдағы қызметінің қорытындысы

БАСТЫ:

1. Қазақстан қор биржасының (KASE) негізгі жобалары.
2. Биржадағы "Халықтық IPO" және биржалық сауда-саттықтың технологиялары.
3. Биржа қызметі мен биржа нарығының көрсеткіштері.

Жыл жобалары

KASE 2012 жылы жүзеге асырған негізгі жобаларға бірінші кезекте тәуекелдерді азайту жөніндегі жаңа заңнама талаптарына сәйкес биржа қызметін сәйкестендіру мақсатында биржа қызметінің сапасын көтеру жатады. Осы жұмыстың барысында KASE-ке ұйымдық құрылымы мен ішкі нормативтік негізін едәуір өзгертуге тура келді. Реформалау барысы биржаның құрылымдық бөлімшелерінің барлығына дерлік ықпал етіп, біршама еңбекті қажет етті.

KASE мүшелерінің қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігіне мониторинг жасаудың түбегейлі жаңа тәсілін қолдану осы саладағы аса маңызды жоба саналады. Мұндай мониторингті биржа енді тұрақты түрде іске асырып тұрады. Мониторингтің көзге түсерлік нәтижелерінің бірі болып KASE сайтында биржа мүшелерінің 60-тан аса жаңа бетінің ашылуы есептеледі. Осы беттерде Қазақстанның қаржы нарығында жұмыс жасау кезінде өз серіктесін таңдау үшін инвесторларға қажетті ашық ақпараттың ауқымды көлемі жарияланып отырады.

Жылдың басқа елеулі жобасы болып 2012 жылы Қазақстанның қор нарығындағы мемлекеттік ауқымдағы басты жобасы – "Халықтық IPO" бағдарламасының бірінші кезеңін іске асыру табылады. Дайындық пен орналастырылымды өткізу уақыты ішінде биржа көптеген жұмысты атқарды, оның ішінде Қазақстанда әлі іске асырылып көрмеген іс-шаралардың арқасында "Халықтық IPO" бағдарламасы бойынша акциялардың бастапқы орналастырылымы сәтті өтті. Жобаның бірегей болуына байланысты осындай жұмыс KASE қызметінің көптеген тұстарына әсер етті: акцияларға жазылудың ережелері, арнайы бағдарламалық қамсыздандыру (жеке сауда модулін қоса есептегенде) әзірленіп, сауда жүйесі өтініштердің көп санын қабылдау және өңдеу тұрғысынан жан-жақты тестілеуден өтті. Техникалық және норма шығарушылық қызметке қоса KASE мүшелері мен тұрғындарға ақпараттық және білім беру бойынша қолдау көрсету ілесе жүргізілді. Биржа қор нарығының мүшелерімен жұмыс жасау бойынша (брокерлік компанияларға арналған семинарлар мен кездесулер), сондай-ақ, болашақта жеке инвестор болуға ниетті және іс жүзіндегі жеке инвесторлармен жұмыс жасау бойынша (қор нарығының Ашық есіктер күні, инвесторлар мен БАҚ-на арналған семинарлар) бірқатар іс-шараларды өткізді. Сонымен қатар, KASE басшылығы "ҚазТрансОйл" АҚ роуд-шоуына қатысты.

Жоғарыда аталған аса маңызды жобалардан басқа KASE отандық қор нарығының инфрақұрылымын дамыту және нығайту, оның мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған өзге де көптеген жұмыстарды атқарды. Олардың ішіндегі маңыздылары:

- Қазақстан қор нарығында исламдық бағалы қағаздардың алғашқы шығарылымын орналастыру және листингтеу бойынша іс-шаралар кешені;

- Клирингтік палатаны құру және клирингтік қызметті жүргізу жөнінде мемлекеттік лицензияны алу;
- Биржаның технологиялық базасын жаңарту, оның ішінде листингтік компаниялар мен биржа мүшелеріне арналған IS2IN электрондық құжат айналым жүйесін, сондай-ақ, "Жазылу" атты арнайы сауда модулін іске қосу;
- Биржада жинақтаушы зейнетақы қорларының бағалы қағаздарын листингтеу бойынша рәсімдерді дайындау және оны іске асыру;
- KASE веб-сайтының ақпараттылық деңгейін арттыру және оның қызмет атқару мүмкіндігін жақсарту мақсатында веб-сайтты жаңарту;
- Биржаның қайталама нарығындағы бағалы қағаздардың саудалануын салтанатты түрде ашу дәстүрін қайта жаңғырту ("ҚазТрансОйл" АҚ және "Кселл" АҚ арналған екі салтанатты рәсім өткізілді);
- KASE Индексінің өкілдікті тізіміндегі аса өтімді акциялардың бағамына қатысты фьючерс сауда-саттығының ашылуы (ENRC, Kazakhmys, "Қазақстанның Халықтық жинақ банкі" АҚ, "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ).

Бүкіл бір жыл аралығында жұмыс бірлескен белсенді және жекелеген бір нүктеге шоғырландырылған PR-шараларды өткізу арқылы KASE мүшелерімен өзара әрекеттестікті нығайтумен қатар жүргізілді.

KASE қызметінің қаржылық қортыныдысы

Биржаның қаржылық жағдайы тұрақты болып қала беруде. Шоғырландырылмаған және аудиттелмеген алдын-ала есептілік бойынша KASE активтері 2012 жылдың соңында шамамен 2,9 млрд теңгені құрай отырып, осы жыл ішінде 297,7 млн теңгеге немесе 11,4 %-ға артқан. Міндеттемелер жылдың соңында 395,1 млн теңгені құрай отырып, 82,9 млн теңгеге немесе 26 %-ға артқан, бұл қаржылық левэридждің 0,15 деңгейіндегі көрсеткішіне сәйкес келеді. Биржаның меншікті капиталы жылдың соңында 2,5 млрд теңгені құрай отырып, 214,7 млн теңгеге немесе 9,4 %-ға өскен. Алдын-ала алынған қорытынды бойынша таза кірісі 2011 жылмен салыстырғанда 32,2 %-ға артып, 2012 жылға жоспарланған 114,8 млн теңге мөлшеріндегі көрсеткішке қарағанда 215,6 млн теңгені құраған.

KASE биржа нарығының көрсеткіштері

Биржа сауда-саттығының жиынтық көлемі 2011 жылмен салыстырғанда 6,7 %-ға төмендеп, 27,5 трлн теңгені құраған. Бұл бірінші кезекте шетелдік валюта нарығы (1,2 трлн теңгеге азайған) және репо операциялар нарығы (960 млрд теңгеге азайған) есебінен төмендеген. Сауданың жиынтық көлеміне мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығындағы белсенділіктің төмендеуі ең аз ықпал етті, осы нарықтағы сауда көлемі 230 млрд теңгеге төмендеген.

Осы ретте беймемлекеттік бағалы қағаздар нарығы едәуір өсімді көрсетті. Жылдың бірінші тоқсаныда инвесторлардың "Қазақтелеком" АҚ қарапайым акцияларымен жұмыс жасауының нәтижесінде, бір реттік ірі мәмілелердің, сондай-ақ, "ҚазТрансОйл" АҚ мен "Кселл" АҚ IPO-сының тікелей ықпал етуінің нәтижесінде жылдың соңында нарық ішіндегі белсенділіктің жалпы көтерілуінің арқасында Биржада акциялармен саудалаудың көлемі 2012 жылы 28,4 %-ға өскен. Корпоративтік облигациялардың нарығы 6,4 %-дық өсімді көрсетті, бұл көбіне биржаның листингтік компанияларының облигацияларының биржадан тысқары орналастырылуына тыйым салудың нәтижесінде орын алды.

Жалпы алғанда биржадағы беймемлекеттік бағалы қағаздардың сауда-саттығы 2012 жылы 64 млрд теңгеге немесе 14,1 %-ға өсіп, 518 млрд теңгеге жетті. Бағалы қағаздардың барлығы (мемлекеттік бағалы қағаздарды қоса есептегенде) туралы айтар болсақ, оларды саудалаудың көлемі есепті жылда 1 815 млрд теңгеге жетіп, 2011 жылмен салыстырғанда 14,3 %-ға артқан.

2012 жылдың соңына қарай KASE тізімінде 125 эмитент шығарған 333 атаудағы бағалы қағаз болды. 2011 жылмен салыстырғанда мұндағы құралдардың саны 7,8 %-ға, ал эмитенттер саны 20,2 %-ға азайған.

2012 жылдың 31 желтоқсанында KASE акциялар нарығының капиталға айналуы 35,6 млрд. доллар (2011 жылдың соңына қарай -17,7%), корпоративтік облигациялар нарығының капиталға айналуы 31,5 млрд доллар (-21,4%), мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының капиталға айналуы 20,2 млрд. доллар (+14,8%) көлемінде бағаланды.

KASE Индексінің бір жыл ішінде 12,3 %-ға төмендеуі жаһандық нарықтардағы тұрақсыздықтың жалғасуы кезіндегі жағымсыз нарық жағдайының, сондай-ақ, Қазақстанның банк секторындағы нақты мәселелердің, "Қазақтелеком" АҚ қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлемінен кейінгі акция бағамының күрт төмендеуінің, өкілдікті тізімдегі акциялардың бар-жоғы жеті атауы болған KASE Индексіндегі бағалы қағаздардың шағын тізімінің ықпал етуімен орын алды.

Есепті жылдың соңына қарай биржада 2011 жылдың соңындағы 82 мүшесімен салыстырғанда 68 мүшесі қалды. Қор нарығындағы мүшелер санының азаюының нәтижесінде көрсетіштің осылай төмендеуі реттеушілік фактордың, яғни брокерлік-дилерлік ұйымдардың жарғылық капиталына қойылатын талаптарды жоғарылатудың нәтижесінде орын алды.

KASE қаржы секторының басты институттарының бірі болып табылады.

KASE нарығындағы капиталдың күнделікті айналымы 2012 жылы 1,2 млрд. АҚШ доллар баламасынан асып түсті. Осы ретте отандық қор биржасы бір мезгілде Қазақстанның бүкіл қаржы нарығының мониторы болып табылады. 2012 жылы KASE сайтында орыс тілінде 7 985 жаңалық жарияланды (2011 жылы – 6 260). KASE сайтындағы ақпараттың көпшілігі үш тілде жарияланып отырады.

Биржа сайтының мәліметтер қорына қазіргі таңда орыс тіліндегі 142,7 мың, ағылшын тіліндегі 136,5 мың, қазақ тіліндегі 9,0 мың (2011 жылдан бастап жариялана бастады) жаңалық мақалалары; жарғылар мен кодекстер, бағалы қағаздардың аңдатпалары, Листингілік комиссияның тұжырымдамалары, жиналыстардың хаттамалары, қаржылық есептілік және нарыққа қажетті тағы да басқа ақпараттар жинақталған 22 282 құжат (эмитенттердің 21 780 құжаты және Биржа мүшелерінің 502 құжаты) кіреді.